

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 182 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 25 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5309 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 16.01.2013 № 17 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес **Б Ұ ЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесі бекітілсін.

2. Экономика салаларын дамыту департаменті (М.Н. Байбеков) және Заң департаменті (Д.А. Ешімова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі М.Ә. Құсайыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Сұлтанов*
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2008 жылғы 26 тамыздағы
N 182 бұйрығымен бекітілген

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) лицензиялау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және

заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау және өңдеу тәртбіне қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

2. Лицензиарлардың ақпаратты беру нысандары мен мерзімдері

2. Лицензиарлар жарты жылдықта бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне осы Ережеге 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысанда қағаз және электронды тасығыштарда ақпаратты береді.

3. Ақпаратқа:

берілген және қайта ресімделген лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың саны (жалпы саны, олардың көрсеткіштерінің сөзінше);

лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар беруден бастартудың негізгі себептері;

лицензияларды қайта ресімдеуге арналған негіздемелер; қызмет түрлері (кіші түрлері) бойынша лицензиялық бақылау әдістері, нысандары және нәтижелері;

лицензиялау саласындағы нормативтік құқықтық актілер нормаларының қайшылықтары мен қайталануын жоюға бағытталған заңнамаларды және басқарудың рұқсат беру ресімдерін жетілдіру, нақты лицензияланатын салаларды, қызмет түрлерін (кіші түрлерін) оңтайландыру, лицензия беру ресімдерін жеңілдету жөніндегі ұсыныстар;

ведомстволық статистикалық байқаулардың нәтижелері және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиаттардың қызметі туралы есепті кезеңде жүргізілген тексерістер туралы ақпараттар;

лицензиарлармен жүзеге асырылған лицензиялық бақылау нәтижелері туралы мәліметтер (лицензиялау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары нормаларының жиі кездесетін құқық бұзушылықтар туралы ақпарат) көрсетіле отырып талдамалық жазба беріледі.

3. Лицензиарлар беретін ақпаратты талдау және өңдеу

4. Ақпаратты талдау әрбір лицензиар бойынша, лицензияланатын қызмет түрі (кіші түрі) бойынша жүзеге асырылады.

Ақпаратты талдауға:

есепті кезеңде берілген, қайта ресімделген лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың, сонымен бірге, лицензияларды беруден, қайта

ресімдеуден бас тартылған өтініштердің саны туралы статистикалық деректерді т а л д а у ;

лицензиялау саласындағы заңнамаларды жетілдіру және лицензиялар беру ресімдерін жеңілдету бойынша лицензиарлардың ұсыныстарын талдау жатады.

5. Талдау нәтижелері лицензиялау саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу кезінде пайдаланылады.

Ақпаратты өндеудің негізгі әдістері экономикалық талдау әдістері және статистика әдістері болып табылады.

6. Лицензиарлар беретін ақпаратты талдау нәтижелері бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің сайтына орналастырылатын жылдық есеп жасалады.

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесіне

1-қосымша

Есепті кезеңде қайта ресімделген лицензиялардың саны

P\с N	Лицензияла- натын қ ызмет т ү рі (кіші т ү рі)	Лицензияны ж ә не (немесе) лицензия- лар ғ а қо сымшалар- ды қ айта ресімдеуге келіп т ү скен ө тініштер- ді ң саны	Қ а й т а ресімделген лицензиялар- ды ң ж ә не (немесе) лицензиялар- ғ а қ осымша- ларды ң саны	Лицензияларды ж ә не (немесе) лицензиялар ғ а қ осымшаларды қ айта ресім- деуден бас тартыл ғ ан ө тініш берушілерді ң саны
1.				
2.				
	Жиыны			

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесіне

2-қосымша

Есепті кезеңде лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту себептері туралы қысқаша ақпарат

P\с N	Лицензияла- натын қ ызмет т ү рі (кіші т ү рі)	Ө тінішті ң келіп т ү скен к ү ні, тіркеу N	Жауап хатты ң к ү ні мен нөмірі	Лицензиялар ж ә не (немесе) лицен- зиялар ғ а қ осым- шалар беруден бас тарту негіздері (Н Қ А тарма қ тарын толы қ көрсету)

1.				
2.				
	Жиыны			

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесіне

3-қосымша

Есепті кезеңде берілген, қайта ресімделген лицензиялардың және лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар беруден бас тартылған өтініштердің саны туралы жиынтық ақпарат

P/c N	Лицензияланатын қызмет түрі (кіші түрі)	Лицензия және (немесе) лицензияларға қосымшалар алуға келіп түскен өтініштердің саны	Лицензияны және (немесе) лицензияларға қосымшаларды беруден бас тартылған өтініш берушілердің саны	Берілген лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың саны
		жылдар үшін		
1.				
2.				
	Жиыны			

Лицензиарлар беретін ақпаратты жинау, талдау, өңдеу ережесіне

4-қосымша

Лицензиялау саласындағы заңнамаларды жетілдіру және лицензия беру ресімін жеңілдету жөніндегі ұсыныстар

P/c N	Өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап ететін лицензиялау саласындағы	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған өзгерістер мен толықтырулардың редакциясы	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

	нормативтік құқықтық акті		қажеттілігіне негіздеме
1.			
2.			
	Жиыны		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК